

«ЖАС АЗАМАТ» ҰСТАНҒАН ҮШ ЖОЛ

Өткен ғасыр басындағы Алаш қозғалысының жас буыны «Жас азамат» ұйымы мен газеті туралы бұл күнде жарық көрген зерттеулер санаулы ғана. Оның бірі алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлының «Алашқа тыныс болған «Жас азамат»» («Ана тілі» газеті, №14, 1993 ж.) атты мақаласы. Тағы бірі тарихшы Зарқын Тайшыбай мен Сәуле Мәлікованың «Жас азамат – алаш ұранды жастардың газеті» (Абай. кз порталы) деген мақаласы. Бұдан басқа Алаш қозғалысы және осы қозғалыстың мүшелері туралы зерттеулерде ақпараттар беріледі. Алаштанудың дамуы үшін бұл әрине азық етеді. Біз осы мақаланы жазу арқылы сол кетікке бір кірпіш болса да қаласақ деп ойлаймыз.

«Жас азамат» ұйымының

құрылуы турасында Дихан Қамзабекұлы: «1918 жылдың сәуір-мамыр айларында Омбы қаласында қазақ жастарының тұңғыш құрылтайы өтеді. Осы құрылтайға қазақ жерінің түкпір-түкпіріндегі ұйымдардан өкілдер келіп қатысып, жалпы жұрттың шешімі бойынша барша ұйымдардың басын біріктіріп, бұрынғы Омбыдағы «Бірлік» ұйымының негізінде «Жас азамат» атты ұйым құрады» деп көрсетеді. «Жас азамат» ұйымының құрылуы мен оның жарғысы туралы Мұтар Әуезов «Абай» журналының 1918 жылғы 6-санында «Бірінші жалпы жастар съезі», «Жастар ұйымдарына ашық хат» атты қатарынан екі мақала жариялайды.

Жалғасы 3-бетте

ДЕПУТАТ ПА, ДИУАНА МА?

Осы аптада есеп комитеті Парламенттегі біраз былықтың бетін ашып берді. Мұндай батылдыққа барған комитеттің жұмысына расымен риза болдық. Тексеру жүргізген комиссияның мәліметінше, Сенат пен Мәжіліс бюджеттің 3 миллиардқа жуық теңгесін заңсыз жұмсап, мемлекетке қыруар шығын келтірген. Әсіресе, депутаттар қызметтік көліктерімен оңды-солды қыдырыпты. Сүліктей қара көліктерге жанармай құйып-ақ, бюджетке 74 млн. теңге шығын келтіріпті халық қалаулылары. Депутаттарымыздың елдің мұнын мұндап, жоғын жоқтап жүрмегені бұрыннан да белгілі еді, осы жолы тіпті күдерді үзуге қарадық.

«Балық басынан шіриді» дейді қазақ. Егер де, Парламенттің былығып жатса, қалғанынан не үміт, не қайыр? Сөйтіп отырып, жұртқа ақыл үйреткісі келеді. Қазекеннің мұндайда «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» дейтіні де бар. Желге ұшқан миллиондарды Парламент басқа қайда жұмсаған дейсіз ғой? Сәулет, құрылысқа қажет деген сылтаумен 365 миллион теңгені заңсыз талан-таражға салған. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу бойынша өткен тендрде кім көрінген жеңіске жетіп, тапсырыс қабылдаған.

Осылайша, Парламент жалпы бюджеттің 3 миллиардқа жуық теңгесін құрдымға жіберіп, одан оңай құтылмаққа бел бұған көрінеді. Енді, есеп комитеті қазына қаржысын көзсіз жұмсаған шенеуніктердің тізімін Бас прокуратура мен Ақордаға жібермек. Сөйтіп, айыпты атқамінерлерді қатаң жазалауды жоспарлап отыр. Сондықтан, жақын күндері Ақордадан бюджет ақшасын рәсуа еткен шенеуніктерге қатысты тың жаңалық естіп қалуымыз мүмкін.

А. ШЫНТЕМІР



АДАЛ ЖОЛМЕН БҰЛ КҮН ДЕ КІСІ БАЙЫП ПА?

немесе

пара алады атақты
Күшібаев та!



Қарап отырсаңыз, қазір ештеңеге де таң қалуға болмайды. Егерәки, таң қалуға бейім болсаңыз – онда мына өмірді тек таңдай қағып, бет шымшүмен өткіздім дей беріңіз.

Жуырда Солтүстік Қазақстан облысында бұрынғы қаржы полициясының өкілі Мұрат Күшібаев пара алғаны үшін ұсталды. Тәйірі кім пара алмай жатыр? Алсын, жұрттан кем бе, әлде артық па? Кем емес екені анық, бірақ артықтау тұстары бар еді Күшібаевтың. Бұл Мұратыңыз еліміздің экс премьер-министрі Серік Ахметовті ұстап берген сабаз. Жалғыз Ахметов емес, Жоғарғы сот мүшелері Алмаз Тәшенов пен Сайлаубек Жәкішовтерді қармаққа түсірген. Сондай-ақ, Қарағанды облысының экс-өкімі Бауыржан Әбдішевті ұстау операциясының маркаскасы. Оның мұндай «ерліктері» ескерусіз қалған жоқ, уақытында екі мәрте омырауға медаль тағылған. Қысқасы, оны елден артықтау көрсететін «нәтижелері» мен медальдары бар еді. Қош, сонымен осындай атақ-абыройдың адамы пара сұрап ұсталды. Оқиға былай өрбіген көрінеді...

Қаржы полициясы құрылымы өзгеріске ұшыраған соң, Күшібаев жаңа қызметке шақырылған. Ол

Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік кіріс департаменті жанындағы экономикалық зерттеу, жедел іздестіру тобының жетекшісі болған. Сөйтіп жүріп, ол заңсыз алкоголь сатумен айналысып жүрген кәсіпкер А.Заргаряннан көлеңкелі бизнесіне көз жұма қарау үшін \$10 мың көлемінде пара сұраған. Алайда, өз тауарының құны 2 миллионнан аспайтынын айтқан кәсіпкер Күшібаевқа \$8 мың беруге келіседі. Ақшаны алған соң Күшібаев қылмысын жасыру мақсатында «кәсіпкер өзін пара алуға итермеледі» деп рапорт дайындаған. Бірақ кәсіпкер де қарап қалмай, тиісті орындарға хабарласады. Нәтижесінде, ҰҚК мамандары тәжірибелі қаржы полициясы саналған Мұрат Күшібаевты қолға түсірген. «Мұндай тәжірибелі маманды парамен ұстау оңай шаруа емес. Алайда, ол бар кінәсін мойындады», – дейді СҚО мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің басшысы Шыңғыс Қабдулла.

Бұл пенделікті қойсаңшы, басқа-басқа паракорлықтың «пайдасын» Күшібаев бір адамдай білетін еді ғой! Әрі-беріден соң, жұрттың бәріне үлгі боп жүрген жайы тағы бар. Ең сорақысы, заңсыз арақ сататындар-

мен байланысқан.

Расы керек, бұл қазақ пара алу-ды қоя ма десек, күннен-күнге өршіп бара жатыр. Күні кеше Қостанай қаласы әкімінің екі орынбасары пара алу фактісімен ұсталды. Бірі 13 млн. теңге, бірі 300 мың теңгемен шатылды. Бірақ, қос орынбасары араға 5 күн салып істі болған әкімнің өзі орнында отыр. Шамасы, періштедей пәктігіне, жұмыртқадай ақтығына сенетін болса керек. Өкінішке орай, бастығынан жасырып «ақша жейтін» орынбасарлар бар дегенге сену ақымақтық болар еді.

Дана Абайдың жиырма тоғызыншы қарасөзінде мынадай жолдар бар: «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштенен садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсекызар сұмдығын қостағалы айтқаны»...

Қазақтың бас ақынының сөзіне келіскеннен басқа алып-қосарымыз жоқ. Десе де, осы мақалды Күшібаев оқиғасына орай қолданып жіберсек, қайтер екен? Әрине, Күшібаев – періште емес. Дей тұрғанмен, осал адам премьер-министрмен алыса ма? Қалай ойлайсыз, құрметті оқырман!

А.ҚАРА

АНДАТПА

Қазақ арақ ішкенді қашан қояды?

2-бетте

Көңілгестің көлігіне көзі түскен

4-бетте

АЛАШ АРЫСТАРЫ: СОҢҒЫ СӨЗ,

СОҢҒЫ СУРЕТ...

7-бетте

Қазақ арақ ішкенді қашан қояды?



Ұлыбританиялық IWSR (халықаралық шарап пен спирттік ішімдіктер нарығын зерттеу ұйымы – ред.) ұйымы 2013 жылы арақ ішу жөнінен Қазақстан бесінші орынға шыққаны туралы осыдан екі жыл бұрын ақпарат таратқан еді. Сол уақыттың ресми мәліметі бойынша Қазақстанда 200 мыңнан астам адам маскүнемдікке шалдыққан. IWSR-дың мәліметі бойынша, дүние жүзінде 2012 жылы 4 миллиард 440 мың литр арақ ішілген. Оның жартысын осы ішімдікті ойлап тапқан ел – Ресей тұрғындары тұтынған.

Қазақстанда жыл сайын жан басына шаққанда 5,9 литр арақ ішіледі екен. Әлемде арақтан басқа ішімдік анағұрлым аз қолданылады. Мысалы, ромды ең көп ішеді деген Кубада жан басына шаққанда бұл ішімдік әр адамға 4,9 литрден келеді. Джинді ең көп ішетін Филиппинде бір адам жылына 1,4 литр тұтынады. Шотланд вискиін ішуден Франция бірінші тұрса (1,4 литр), АҚШ (0,36 литр) текила ішетіндер тізімінде бірінші орын алған. Әлемдегі ең әйгілі алкоголь өнімі арақ болса, оны көп ішетін – бұрынғы коммунистік елдердің тұрғындары.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жан басына шаққанда 8 литрден көп алкоголь өнімін тұтынатын елдердің ұлттық генофонды деградацияға ұшырайды деген ақпарат таратқан. Қазақстанның статистика агенттігінің мәліметі бойынша, арақтан бөлек, ел тұрғындары жан басына шаққанда жылына 31 литр сыра ішеді. Бұл да әлемдегі жоғары көрсеткіштердің бірі.

Ал, 2014 жылдың көктемінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов: «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жүргізген зерттеулеріне сәйкес, спирт ішімдіктерін тұтыну деңгейі жөніндегі рейтингте Қазақстан 188 елдің арасында 34 орынды иеленіп отыр. Еліміздің әрбір азаматы жылына орта есеппен шамамен 5,5 литр таза этил спирті немесе 11 литр арақ тұтынады екен. Нәтижесінде Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі арақты ең көп ішетін ел ретінде танылып отыр», - деп мәлімдеме жасады.

Өткен аптада ғана, Алматы қалалық наркологиялық және әлеуметтік-экономикалық қайта қалпына келтіру орталығында Санкт-Петербургтен келген медицина ғылымдарының докторы В.Л. Козловскийдің қатысуымен шеберлік сыныбы өтіпті. Ресейлік маманның қатысуымен өткен бұл басқосуға Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ж. Қасымжанова қатысқан.

Біз жоғарыда 2013 жылдың статистикасын келтірдік.

Алматы қалалық наркологиялық және әлеуметтік-экономикалық қалпына келтіру Орталығының директоры Г. Сүлейменованың айтуынша, жыл басынан бері 24 258 науқас есепке алынып, ем қабылдап, 275 науқасқа сауықтыру шаралары көрсетілген. 800-ден астам науқас есептен шығарылған. Бұл өз еріктерімен және отбасы мүшелерінің өтініші арқылы келіп емделіп жатқандар екенін ескерсек, арақ деген әзәзілдің құшағынан ажырай алмай жүргендерің есебін дәл айту қиын-ақ.

Бір маскүнемді сауықтыру үшін орташа есеппен айына 120-125 мың теңге жұмсалатын болса керек. Ал осы маскүнемдікке шалдыққандарды емдейтін дәрігерлер айына 60 мың, мейірбикелер 45 мың теңге айлық алады екен. Қазіргі жас пен көрініс ұртында жүрген насыбайдың дерті тіпті зор көрінеді. Дәрігерлер бүгінгі жастар арасындағы белсіздік пен бедеуліктің кең етек алып келе жатқандығына ішімдік, шылымқорлық, есірткі және насыбай шегушіліктің де себеп болып отырғанын айтып, дабыл қағуда.

Біз жоғарыда 2013 жылдың статистикасын келтірдік.

Ал, осы жылы қазан айында қазақстандықтар алкоголь өнімдерін күндіз сағат 12-ден кешкі 21-ге дейін ғана сатып ала алатын заң қабылданған. Соған қарамастан біздің ел биыл ішкіштік жағынан Ресеймен теңесіп алыпты.

Қазақстанда 2015 жылдың қаңтары мен мамыры аралығында 11 миллион 793,2 мың литр арақ өндірілген. Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, осы уақыт аралығында 185 миллион 354,7 мың литр сыра өндірілген. Ресми дерек республикамызда маскүнемдік дертімен 300 мыңнан астам адам есепте тұрғанын айтады.

Байыптасақ, қазақтың аузы араққа тиіп, атынан түскен соң ақ «қара басты». Ғылымы мен мәдениетінен, өзіндік тұрмыс салтынан айырылғанын былай қойғанда, тілін, тіпті өзін жоғалтып ала жаздаған жоқ па қазақ. Соның бір себебі өктемдік көрсеткен халықтың батырып жіберген тырнағы болса, екіншісі азғырып үйреткен арағы емес пе?! Тәуелсіздіктің ширек ғасырында еліміз иманды жолын тауып, үш мың мешіт бой көтерді. Бірақ, қазақ әлі оянбаған, әлі сілкінбеген тәрізді. Қазекем енді де болса есін жиып, еңсесін тіктесе, арақтан бойын аулақ ұстап, ұлқызын баба жолымен, ата салтымен тәрбиелесе рухымыздың болат қорғандары майырылмастай беріктене түсер еді.

Abai.kz

Лакшми Митталдың қазақ үкіметіне түкіргені бар

«Арселор Миттал Теміртау» компаниясы ақыры дегеннен жетіп тынды. Әлемнің алпауыт метал мегнаты басқаратын, миллиардер Лакшми Миттал қызметкерлерінің жалақысын 25% пайызға қысқартты. Бұқаралық ақпарат кеңістігінде бұл мәселе жарияланғалы бір айдан асқан болатын. Аталмыш мәселеге қатысты премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев: «мекемеде жұмысшылардың жалақысы қысқартылмауы керек», - деп қатаң ескерткен болатын. Бірақ оны да тындаған, Лакшми Митталді көрмедік. Сонымен біздің үкімет күзіретті әлде Митталдың дәурені жүріп тұр ма? Қалай өзі?.. «Айта айта Алтайды, Жамал апам қартайдының» күйін кешкен тақырып былтыр тағы да шу көтерген болатын. Бірақ оны сол тұстағы облыс әкімінің өзі шешіп, Митталды дегенін дегізбеді. Сонымен толығырақ тарқатар болсақ...

Былырғы ақпан айында «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының басшылары түрлі себептермен 2500-дей жұмысшыны жұмыстан босатамыз деп тағы да шу шығарған болатын. Алайда, сол уақыттағы, Қарағанды облысының

экс-басшысы Бауыржан Әбдішевтің араласуымен олар уақытша басқа жұмысқа тартылса да, орындарын сақтап қалған. Сол уақытта компанияның барлық жұмысшылары Әбдішевке ризашылығын білдіріп, алғыстарын жаудырған болатын.

Тағы да сол мәселе төңірегінде қара жұмысшыларға 13-ші жалақысын беруді компания шешпей қиғылыққа салғанда, сол экс-басшы Әбдішев іске тағы араласып, жалақыларын алып берген болатын. Арселордың қытығына тиген әкімнің бірі де осы - Бауыржан Әбдішев болатын сол уақытта. Енді оған кіне тағылып, уақытша тергеу изоляторында. Қара жұмысшылар Бауыржанның жақсылығын қалайша ұмытсын осындайда.

Енді міне жалақылары 25 пайызға қысқартатын жұмысшылар кімнен жәрдем сұрауын білмей қалды. Тіпті ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің сөзі де әдірем қалды. Ведомства өкілдері: «ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Арселор Миттал Теміртау» акционерлік қоғамы ұжымдық

келісімшарттарын өзгерте алмауының салдарынан кәсіподақтың келісімінсіз жұмыскерлер жалақысын 25%-ға төмендетпе алмайды», деген.

Бірақ ол ескертулер мен жарлықтар жайында қалып, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы жұмысшыларының жалақысын 25 пайызға қысқартты. Бұйрыққа өндіріс алпауытының бас директоры Виджай Махадеван қолын қойып, көпшілікке жария етті.

Компания басшылығының айтуынша: «Ресей рублінің құлдырауы, Теміртауда өндірілетін метал экспортына кері әсерін тигізген». Виджай Махадеванның айтуынша, осындай қиын шақта жұмыс орындарын қысқартқанша, жалақыны төмендетуді жөн деп тауып жұмысшыларына үндеу жолдапты. Бас директордың бұйрығымен металлургиямен кеншілердің кәсіподақ ұйымы басшылығы да танысқан. Алайда, олар компания тарапынан еңбек туралы заңның бірнеше баптары бұзылғанын айтады. Арыз шағымдарын прокуратураға жолдап та қойыпты. Енді мәселенің ақ қарасын прокуратура мен кәсіподақ ұйымы анықтамақ.

«АрселорМиттал Теміртау» Қазақстандағы тау-кен металлургиялық секторының ірі кәсіпорны болып табылады, жалпақ және сортталған болат өндіреді, сондай-ақ темір кеніштік және көмір концентратын, кокс, шойын балкымаларын өндіреді. Әлемдегі ең бай миллиардерлердің үздік ондығынан көрінетін Лакшми Митталдың байлығының басты табыс көзінің бірі.

P.S. Былтыр қарындасы мен қызының тойын дүркіретіп, аста-төкте өткізген, болат магнаты Миттал жұмысшыларына келгенде тиып санап қалатыны бар. Әсіресе Теміртаудың қаймана қазағына келгенде, жымысқы саясатын жүргізіп алатынын тағы бір бағамдадық. Жалпы Теміртаудағы «Арселор Миттал» компаниясының жалақы мәселесі жылда көтерілетін өзекті тақырыпқа айналды. Ал биыл, Лакшми әулетінде үлкен той жоқ еді, жалақы не үшін қысқарды...

Әмір БЕКНҰР
«Шын-ақпарат»



Бірінші мақалада съез хабары сөз болады. Бұнда съездің өткен уақытын мамырдың 5-нен 13-не дейін деп көрсетіп, съезге қазақ жерінің түкпір-түкпірінен 15-ке жуық жастар ұйымының өкіл жібергенін айтып өтеді. Бұдан съезд көлемінің шынымен де зор болғанын байқаймыз. Осы мақалада съездің өту себебі «қара бұлттай қаптап келе жатқан большевик дауылына» қарсы тұрып, елді, жерді апаттан аман алып қалу екенін, және мұны ұйымдастырған «Бірлік» ұйымын ескерткен. Екінші мақалада съездің алты баптан тұратын қаулысын айта келіп (бұл қаулының ішінде «Жас азамат» ұйымын құру, және ұйым атында газет шығару ісі де мақұлданады), жаңа құрылған ұйымның құрамын атап өтеді. «Съез бес кісілік кіндік комитетін сайлап кетті. Бұл комитет Омбы қаласында тұрмақ. Комитетке сайланған адамдар: председатель Троицкідегі «Үміт» ұйымының өкілі Ғазиз Мурзин, жолдасы Г.Досымбекова, екі мүшесі Ғабдырахман Байдильдин, Мұратбек Сейітов, секретарь Смағұл Садуақасов». Мұндағы төраға Ғазиз (Абдулғазиз) Мурзин – жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың көрсетуінше Жетісу өлкесінің қазағы, жоғары білімді, ағарту саласының қызметкері. Ал Дихан Қамзабекұлының еңбегінде төраға Мұхтар Мырзаұлы деп көрсеткен. Бұла арадағы қайшылықты әлі де саралау керек. Осылайша ұйымның үні болып «Жас азамат» деген газет шығарылмақшы болады. Газет редакторлығына Қошке Кемеңгерұлы бекітіледі. Газеттің алғашқы саны сол жылы 30 шілдеде жарық көреді.

Газеттің жалпы 22 саны жарық көрген, бірақ бізге жеткені тек 18 саны ғана. Осы 18 санын қарап шығып бір шама ойға қалдық. Мұнда газеттің шығу барысындағы қаншама қиыншылықтар, көтерген аса күрделі тақырыптар және ұйымның атқарған істерінен берілген мәліметтер жастар ұйымының да, газеттің де өз кезеңіндегі аса зор маңызын аңғартты. Газет туралы әлі де талай тақырыптардағы мақалалар жазылар, біз осында жарық көрген мақалаларды үш негізге бөліп саралағанды жөн деп таптық. Ол үш негізді де газеттің алғашқы санында жарық көрген бас мақаладан таныдық.

Газеттің беташар сөзі болған «Жас тілек» деген мақалада: «Келешектің қараңғылығы, саяси ауаның күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмау сол әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлік құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың үкім сүруі, «Жас Азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр, қоғамдасып-қолтықтасып күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың басты міндеті, үлкен борышы», – деп басталған тілегінен ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтқан: «Әр ұрпақ өзіне арналар жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс. Олай болмағанда болашаққа аса көп жүк қалдырамыз», – деген мағнадағы сөзін үлгі тұтқанын аңғару қиын емес. Одан әрі қарай жастар өздерінің бағытын айқындай көрсетіп кетеді: « «Жас азаматтың» алтын иде-

ялы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі. Бұл теңдікке жету үшін «Жас азамат» алаштың алтын туын жайқалдыра алатын, дұшпанға күйініш, досқа қуаныш салатын, іргелі ел қылатын бірлікті қолданады. Әлсізді күшейтетін, ауырды жеңілдететін табиғаттың қожасы болған шаруа міндетін қолданады. Ар-иманның, таза адамшылықтың түпкі тамыры әділдікті қолданады. Осы айтылған жолдарда қарсы күш – қалың жау тұрса да, таудан үлкен тұрмыстық кедергілер тұрса да, «Жас азаматтың» бет алған сапарынан қайтпайтынына иманымыз берік.»

Осы шағын үзіндіден біз «Жас

қолданған автор «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» деген мақалада. Бұл әрине жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай жүйелеген алаштың бес ұстанымының ең соңғы, әрі ең маңызды бесінші ұстанымы «ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құрумен» сәйкес кеп тұрған жоқ па?

Алашкөздеген мәңгілік елдің негізгі байлығы жер болатын. Ал жастар да осы тақырыптан Алаш бағытынан адаспаған. Газеттің үшінші санында «Қазақ жері» деген авторсыз мақала басылған. Мақалада бұрын-соңды қазақ жеріне патша үкіметі

екені анық. Жер мәселесі туралы газеттің әр санында осындай материалдар көптеп кездеседі. Газеттің 19 қарашадағы 11-санында басылған «Ел баласы» деген автордың «Қазақ жеріне қолқа салушылар» атты мақаласында үкіметтің қазақ жеріне қауіпті төрт түрлі заңды қарап жатқанын айтады. Оның біріншісі қазақ жерінде тұз заводын ашу, бұл арқылы малшыларды жерінен айырып, сол жерге тұз заводын салады деп көрсетеді. Екіншісі, суы тапшы жерлерге арық жүргізу, өзен, көл арналарын бұрмалау, шалшықты, сулы жерлерді құрғатпақшы дейді. Ал бұл жерлерді егінге пайдаланады да переселендерді, не мұжықтарды қоныстандырады, сөйтіп қазақты құнарсыз жерге қуады. Үшіншісі, Сібір өңіріндегі қолайлы жердің аздығын, жер сұраушылардың көптігін ескеріп, мал шаруашылығындағы жерлерді босатып, оларды таулы, тасты жерлерге көшіріп, оның орнына егін егуге жер сұрағандарға бермекші. Ал төртіншісі, Ресейге шет мемлекет капиталының тартылып, фабрика, завод салуға рұхсат етілуі. Бұл төртінші шартпен қоса алдыңғы үшеуі орындалғанда қазақ баласының шынымен де өгей жағдайға түсетінін айтып, «Мінеки алаш! Автономияң болмаған кезде шетіне беретін қолқа. Жер – мәңгі байлық: алдыңдағы малыңнан, қойныңдағы ақшадан қымбат. Өнер-білім кенжелігі болса да, автономияға аласұрып жатқандық – жер үшін» деп тәмандайды. Бұл сөз бізге жер жағынан тәуелсіздік, елдік мәселесінің мәнін ашса, енді бір жағынан жер мәселесінің қаншалықты ушыққан іс екенін түсіндіріп тұр. Әрі бүгінгі ұрпақ үшін де ұмытпас өсиет деп ұғыну керек.

«Жас азаматтықтар» үшін де Алаш зиялыларындай жер мемлекет меншігі, оны земство арқылы басқару керек деген тұжырым ортақ. Земство мәселесі туралы да газеттен көптеп кезіктіруге болады. Алайда біз осы үшінші сандағы «Ақмоланың обласной земский собраниясы...» деп басталатын авторсыз шолу хабарға назар саламыз. Бұл хабарда Ақмола облысының «земский управасына» мүше сайлау туралы айтылады. Сайлау барысында орыстардың әр партиясының берекесіз болғанын, сайлануға тиісті төрт адамның тек екеуін ғана сайлай алғанын, ал қазақтардың бір тұтас Алаш партиясын қолдап шыққанын, сайлануға тиісті үш адамның да Алаш партиясынан сайланғанын айтып, мүшелердің аты-жөні мен бұрынғы қызметтерін атап өтеді. «Бұл қазақтың екі жүз жылдан бері көрген бірінші теңдігі. Бұрын қазақтан түрлі алым-салықтар алынушы еді. Бірақ, қазақ пайдасына жұмсалмаушы еді. Енді соның үшін алдымен, земство салықтарын беріп отыру керек» деп земствоның пайдасын көрсетіп, «Оқу-оқыту шаруасы, жер-су, азық-түлік - барлығы земствоның қолында. Осындай күші зор, пайдасы мол земстводан қашу шайтанның «бисс-милладан қашқанындай» болады» дейді. Земство – жергілікті жер мен халықтың құндылықтары, тұрмыс-салты негізінде әр түрлі шаруашылықпен айналысуын қамтамасыз етеді, халықтың өзі таңдаған әділ басшысын сайлап алуына мүмкіндік береді, жер мәселесін, ұлттық ерекшелік, тіл, дін мәселесін орынды шешуге мүмкіндік береді. Алаш зиялыларының бұл құрылымды жақтауының да үлкен себебі осы. Бұл «Жас азамат» көздеген үш ұстанымның да үдесінен шығатын шара.

«ЖАС АЗАМАТ» ҰСТАНҒАН ҮШ ЖОЛ

азаматтың» ұлт теңдігі, бостандығы жолы үшін ереже еткен үш ұстанымын байқаймыз. Әуелде атағаны – «алаштың алтын туын жайқалдыра алатын», «іргелі ел қылатын бірлік». Бұл дегеніміз Алаш идеясын ұлттық идея етіп ұстану. Ал Алаш идеясының негізгі ұстыны түп-тамыры сонау түркіден тамыр тартатын «мәңгілік ел» идеясы болатын. Ол бойынша жер бірінші байлық болып есептеледі. Яғни бұл күнде де көп талқыланып жүрген «ұлттық идеялогия» мәселесі. Екіншісі – бұл жерде «әлсізді күшейтетін, ауырды жеңілдететін табиғаттың қожасы болған шаруа міндеті» делініп отырғанын өнеркәсіп, техника секілді ғылым күшімен дамыған қауқарлы тіршілік көздері және әр түрлі ұсақты, ірілі шаруашылық деп қарастыруымызға болады. «Шаруа» сөзі ол тұста іс, жұмыс, кәсіп мағынасында қолданылған. Яғни елдің әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесі алға қойылып отыр. Бұл жолда кәсіптің әр түрлі саласын бірдей дамыту, барлық түрлі шаруашылықты, өндірісті жандандыру секілді мәселелердің бәрі бар. Земстволық басқарудың да бір мақсаты осы шараны алға сүйреу үшін қажет болған. Үшіншісі – «ар-иманның, таза адамшылықтың түпкі тамыры әділдікті» қолданады дегені мемлекеттік басқару жүйесіндегі әділет, теңдік. Бүгінгі сөзбен айтар болсақ, 1) жалпы халықты бірлікте ұстау, яғни ұлттық идеялогия мәселесі; 2) елдің әлеуметтік жағдайын көтеру, әр түрлі шаруашылыққа, өнеркәсіпке, ғылым-техникаға қолдау көрсету; 3) Елді әділ билеу, яғни азаматтық қоғам құру.

Бұдан біз сол тұстағы жалпы қазақты қатты толғандырған «Қайтсек ел боламыз?» деген үмітті һәм үрейлі сұраққа жастардың берген жауабын аңдағандай боламыз. Қалай десе де Алаш бастаған даңғылдан адаспағаны, ағаларының айтқанына демеу, қостау болып, әуелгі өздері айтқан бірлік жолынан таймағаны анық. «Егерде орыстан үлгі алуды, біздің қазақ оқығандарын тоқтатпаса, өткен жылғы орыс киген таз кепешті біздің қазақ та киеді. Түбінде қазақтан капиталистер шыққанда, фабрика-завод көбейгенде, тұрмыстың өзін де тап-тапқа бөлер, оған дейін социализм күйін күйлемей, тұра тұрайық. Бұқарашыл орыс зиялыларының жеке-дара ұстаған бақыт махаббатына көтермеші болмай, таза Жапонияның жолымен жүріп, бірлік-берекеден айырылмай, ұлтшылдықты сақтау керек», - дейді «Ел баласы» деген бүркеншік ат

жағынан жүргізілген қоныстандыру саясаты айтылып, билікті біреуге жақпай қалсаң, жерінді тартып алатын дейді. Ол кезеңді бірінші кезең ретінде алады да, «Екінші, большевик дәуірі: бұл дәуірде қазақ жері іс жүзінде тілгіленіп, талауға түскен жоқ, бірақ, большевиктердің қазақ жері туралы жасаған пландары болды. Қазақ жерін коллективтендіру керек. Сонда бізге жолдас болады, араларына Россиядан келген қашақтарды кіргізіп, шама келгенше қазақты бірыңғай шөлге қуу керек. Бір қазақта жиырма мың жылқы бар, соны қашақтарға бөліп, жерін алып беру керек, деген. Әр жерлерде ортақшылдар шығып, қазақтан жер иелігін алғандар болды. Құдай сақтады, енді біраз тұрса, большевиктер қазақ жеріне кілең кесірлерін тигізетін еді», - деп шын мәнінде де кейіннен большевиктер жүзеге асырған аяр пиғылын болжайды. Үшінші кезең ретінде Алаш автономиясы кезеңін атайды. «Үшінші дәуірдің өзгерісіне қазақ жері жаңа кірді. Қайырлы Алаш автономиясы болса, жер мәселесі оңай шешілмек, онда қазақ ешкімге ұпай жібермейді. Шапқыншылықпен, яки басқа бір себептермен Алаш автономиясы болмай қалса, қазақ жеріне еншілестердің көбейетіндігіне шек жоқ», - дегені де айдай келген ақиқат болды. Кадеттер мен социалистердің «бетін жыртып, Алаш автономиясына қарсы болғаны – алашты қимағаны емес, жалпыға жоқ алаш жерін қимағаны», - деп Ресейдегі қай саяси партия болса да қазақ жерін қылғуды арман ететінін ашық айтады. Және «Жас азаматтың» да көзқарасы осы жерде беріледі. Ол «Адам баласының тіршілігі жерге байлаулы, жерсіз - ел болу жоқ. Жерсіз ел - көлеңкемен бір есеп», - деген байлам. Осыдан кейінгі «Ішкі хабарларда» «Жәдігер-Жаныс» деген автор «Өлген тірілмекші» деген шағын шолу сипатты мақалада: «Қазақ жерінің бір кезде өзәзілі болған Переслен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар. Ондағы тірілудің мақсаты – Оралдың ар жағында жерсіз қара құрттай қайнап, миллиондап әлі келіп жатқан мұжықтарды Сібір жеріне орнықтыру», - деген мәлімет бере келеді де, қоныстандырудан қазақ жерінен айырыла беретінін айтып, Алаш азаматтары бұған қарсы болуы керек дейді. «Әр жерде жергілікті мұжықтармен қосылып, переселен мекемесін тірілтпеске тырысу керек», - деп ескертпе тастайды. Шындығында халық үшін де, ұлттық мемлекеттік үшін де жер аса маңызды



АДАМ САУДАСЫН БІРГЕ ТОҚТАТАМЫЗ!

Қызылорда облысы ішкі істер департаменті Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы қызметкерлері «Кіші кәсіпкер әйелдер қоғамы» бірлескен қоғамы үкіметтік емес ұйымының қызметкерлерімен, «Жас Отан» жастар қанатының ерікті қатысушыларымен (волонтер) бірлесе отырып, адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күресу мақсатында «Адам саудасын бірге тоқтатамыз!» ақпараттық науқанын өткізді.



Акция барысында, халық жаппай жиналатын орындарда, мәдениет және демалыс парктерінде, сауда орталықтарында, теміржол және автовокзалдарда буклеттер, брошюралар, жадынамалар таратылып, флешмобтар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, перинаталдық орталықта, туристік фирмаларда, құрылыс нысандарында және шаруа қожалықтарында үкіметтік емес ұйымдарының қатысуымен «Адам саудасына жол жоқ!», «Адам сатудан сақтаныңыз!», «Біз бірге адам саудасын тоқтатамыз!» атты тақырыптарда жиналыстар өткізіліп, азаматтарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



Ағымдағы жылдың 31 шілдесінде Қызылорда облысы ішкі істер департаментінің мәжіліс залында облыстағы жеке күзет ұйымдары басшыларының қатысуымен кездесу өткізілді. Аталмыш жиында шетелдік инвесторлар мен компаниялар

арасында әртүрлі даулы жағдайларды тудыратын негативті көріністердің алдын алу, қылмыс пен құқық бұзушылықты, келеңсіз жағдайларды болдырмау, оны дер кезінде анықтау мәселелері талқыланды.

Жиын соңында департамент басшылығы мен жеке күзет фирмалары басшылары арасында әріптестік жөнінде өзара іс-қимыл жасасуға бағытталған меморандумға қол қойылды.

Телефонмен сөйлескендер көп

Қызылордада «Мас жүргізуші - қылмыскер» ЖППШ кезінде 2000-ға жуық құқық бұзушылық анықталды.

Облыс көлемінде қоғамдық тәртіпті сақтау мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтың, әсіресе көлік құралын масаң күйде басқару деректерін анықтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жолын кесу, салынған әкімшілік айыппұлдарды өндіру жұмыстарын өз деңгейінде жоғарылату мақсатында облыс көлемінде «Мас жүргізуші-қылмыскер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.



Іс-шара барысында Қызылорда ОПД қызметкерлерімен жол қозғалысы ереже талаптарын бұзудың 2171 дерегі анықталды. Оның ішінде, көлік құралын басқару

кезінде жүргізушінің телефонды немесе радиостанцияны пайдалану дерегі бойынша – 439, көлік жүргізушілерінің белгіленген жүру жылдамдығын арттыру дерегі бойынша – 224, көлік құралын масаң күйде басқару дерегі бойынша – 35 құқық бұзушылық анықталды. Орын алған барлық құқық бұзушылықтар бойынша тиісті әкімшілік шаралар көрілді.

Қызылорда ОПД баспасөз қызметі


«Айфон» айыппұл арқаламты

Қостанай облысы Тарапов ауданында Жер қатынастары бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Талғат Досмұхамбетов пара ретінде iPhone 5S телефонын алғаны үшін ұсталды. Бұл туралы Наша газета басылымына сілтеме жасап NUR.KZ хабарлайды.

Тергеу материалдары анықтағандай, 2015 жылдың маусымында жергілікті кәсіпкер өз ісін ашу үшін шенеуніктен жер беруін сұраған. Жер құжаттарын тез арада реттеп, шаруасын жедел бітіру үшін Досмұхамбетов кәсіпкерден iPhone 5S телефонын сыйға тартуды өтініпті. Кәсіпкер шенеуніктің бұл өтінішін қабыл алғанымен, бірнеше күн өткен соң жемқорлыққа қарсы қызмет органдарына хат жазып, болған жайды баяндаған. Досмұхамбетов Рудный-Лисаковск тас жолында орналасқан «Көктем» кафесінің маңында кәсіпкерден құны 145 мың теңге тұратын iPhone 5S телефонын алады. Содан соң, тез арада шенеунікті жемқорлыққа қарсы агенттік өкілдері ұстады. Осыдан соң, сот Досмұхамбетовты өз қызметін асыра пайдаланғаны үшін айыпты деп танып, 8 миллион 701 мың 200 теңге көлемінде айыппұл салды. Бұдан бөлек, бұрынғы шенеунік мемлекеттік қызметтен өмір бойына аластатылып, оның барлық мүлкі тәркіленді.



ОСЫНДАЙ ДА ОРЫНБАСАРЛАР БОЛАДЫ!



Қостанай қаласы әкімінің орынбасары 13 млн. теңге пара алды деген күдікпен ұсталды. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дерегіне сүйенген То-был-Инфо хабарлайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері 1 тамыз күні Қостанай әкімінің орынбасары Мақсұт Қалиевті “Сыл” ЖШС директоры Гагик Овнаняннан 13 млн теңге көлемінде ақша алып жатқан кезінде ұстаған. Екеуі де уақытша ұстау изоляторына қамалды. Алдын ала мәлімет бойынша, Мақсұт Қалиев әуежай аймағында авто ХҚО салуды «Сыл» ЖШС-нің пайдасына шешпек болған.

Көңілгестің көлігіне көзі түскен

Маңғыстау облысында 42 жастағы ер азаматтың қымбат көлігін көңілдесі ұрлап кетті. Бұл туралы Lada.kz-ке сілтеме жасап NUR.KZ хабарлайды.

Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылының тұғыны Ақтаудағы тұрғын үйлердің бірінде 26 жастағы қалалық көңілдесімен бірге болған. Кейін ұйықтап кеткен ер азамат оянганда көңілдесінің де, сырттағы көлігінің де жоқ екенін байқайды. Ол қызға бірнеше мәрте телефон шалғанымен, еш жауап ала алмаған. Содан соң ауыл тұрғыны «Kia Cerato» көлігін ұрлап кеткені үшін ПД өкілдеріне хабарласып, көңілдесінің үстінен шағым түсіреді. Полиция қызметкерлері жедел түрде жоғалған көлікті де, көлік ұрлаған қызды да тапты. Алайда қыз не үшін көңілдесінің көлігін ұрлағанын түсіндіре алмаған.




Чемоданда жан тапсырды



Чемоданға тығылып, Испанияға аттанбақ болған Солтүстік Африкалық жігіт жол бойында қайтыс болды. Бұл туралы Lenta.ru-ға сілтеме жасап NUR.KZ хабарлайды.

5 сағат бойы чемоданда жатқан 27 жастағы жігіт Испанияның африкалық бөлігінен еуропалық бөлігіне өтпек болған. Құтқарушылар ер адамды ажалдан арашалап қала алмады. 2015 жылдың мамыр айында да осыған ұқсас жағдай орын алған болатын. Ол кезде испандық шекарашылар рентген көмегі арқылы чемоданнан 8 жасар баланы тауып алған еді.

АЖ - ақпарат



СӨЗ ПАТШАСЫ



Бексары Ботакөз Жаңбырқызы 1992 жылы ақпанның 10 жұлдызында Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Қаракеткен елді мекенінде дүниеге келген.

Аталмыш елді мекендегі №114 орта мектепте және Астана қаласындағы Ғали Орманов есімі берілген №7 гимназияда тәлім алған. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жоғарғы білім алған. Республикалық, облыстық мүшәйралардың жүлдегері. Елдің бас қаласында өткен «Қыз сыны» байқауының бас жүлдесін иемденуші. «Самғау» жастар сыйлығының иегері. Сонымен қатар, Республикамызға белгілі 30-ға жуық ән мәтіндерінің авторы.

ТӘҢІРДЕН ТІЛЕУ

Сұқ қадар көлденең көздерден,
Іш тырнар құсалы күдіктен.
Бейздеп, бейпілдеу сөздерден,
Шырқынды бұзатын бүліктен.

Өзәзіл, томсарған сұмдардан,
Ібіліс-ниетті дұшпаннан.
Жолыңнан тайдырар жындардан,
Шарықтап, биікке ұшпаудан.

Түлендей түртетін ойлардан,
Жана алмай жатып-ақ сөнуден.
Араның ақ суға тоймаудан,
Бейуакта көмусіз өлуден.

Зәр тамған, у шашар тілдерден,
Сағына алмаудан сарғайып.
Күрмеуден, шынайы күлмеуден,
Жап-жалғыз қалудан жарбайып.

Кінәмшіл, секемшіл көңілден,
Сумақай, сыпсықай сыпсыңнан.
Өксумен өткізер өмірден,
Сұп-суық, үрейлі ұсқыннан.

Тұрпайы, сұмпайы күлкіден,
Жақсыны «жақсы» деп көрмеуден.
Қайғыдан - көз жасы бүркіген,
Жақынға жақындай сенбеуден.

Аяққа тапталған арманнан,
Қойнында жарыңнан жеруден.
Өзінді, өзгені алдаудан,
Кеудені шалқақтай керуден.

Арыңды күйе, дақ шалудан,
Жазықсыз жабылған жаладан.
Жаманға барлығын жорудан,
Делқұлы, есерсоқ баладан.

Шер жұтып, еңкілдеп сорлаудан,
Ахирет азабы - түнектен.
Тозақтың отына жанғаннан,
Тәубесіз, имансыз жүректен...
САҚТАЙ ГӨР, О, ТӘҢІРІМ!!!

* * *

Ойлағандай болмайды бәрі лайым,
Сенделтеді сан саққа сары уайым.
«Тәңірім-ай, не жазып қойдым мен?» деп,
Байбалам сап, жаманға жорымайын.

Шыққанменен шырқырап жан дауысың,
Жалғанның, апыр-ай ә, жалғаны шын.
Күңгірт тірлік күйінтіп, дағдарғанда,
Өзің, Жаным, болғансың алданышым.

Жабылар жала, өсекке етім өлді,
Біріңнің жеген болсам несібеңді.
Мұрынының астынан мыңғырлайтын,
Мысықтілеу «достарым», кешір енді.

Бұлқынсам, басу айтып, байып қылар,
Шерленсем, шекер сөзбен айықтырар.
ЖАЛҒЫЗЫМ аман болса болды маған,
Білген боғын жей берсін «айыптылар».

Мен дегенде тілек те, тіл де бөтен,
«Достарды» ойлап қашпасын құр берекем.
Махаббаттан өзгеге уақытым жоқ,
Жүретін деп : «Не депті?
Кімдер екен?»

Алты аласым жоқ та ғой, бес бересім,
Ешкімнің де түрткем жоқ ештеңесін.
Қызғаныштың құрты жер өтірік «дос»,
Аллам сені мейірінен шектемесін.

Адастырып арманның ақ мұнары,
Сейілмесе көңілдің көк тұманы.
Сондай сәтте Жанжарым, жүрегіңе,
Мәңгіге тығылғым-ақ кеп тұрады.

Жыртық жүрек. Құр сұлдер. Алқынған дем,
Жадап-жүдеп, сабырым сарқылғанда ең.
Кірден, Жаным, өтірік, пәлекеттен,
Қорғап мені жүрсің сен нар тұлғаңмен!

Жүрегіңе жүк артар күліп тұрып,
«Достан» Алла сақтасын жырық, бүлік.
Еркелетер Ерім тек болса болды,
Жіберетін бәрін де ұмыттырып.

Жалғанның қайтем жиып жамандығын,
Бәрінен керек сенің амандығың,
Жаным,
ЖАНЫМ!!!

Өзіндейін бола алмайды дос та сан,
Сен болмасаң, бола қоймас қош та аса.
Кешіріп қой, «жаман» жігіт, мен сені -
ЕШКІМГЕ ДЕ БЕРЕ АЛМАЙМЫН ЕШҚАШАН!

Өнебіреу құрып жүр-ау қақпаның,
Қойыртпақтау жағайын деп батпағын.
Ондайларға шүйіреді мұрынын,
Үлпілдеген мақтадайын Әппағын.

Аллам бізге шапағатын төкті көп,
Жүрсең жетед сүйенішім, боп тірек.
Өмір дейтін қызық осы - бұралаң,
Ал, Сенімен бұрынғыдан тәттірек.

Жүрексің Сен, кеудемдегі тірі етім,
Менің ғана кеудемде өмір сүретін.
Менің үшін жалаңаяқ жар кешіп,
Менің үшін бас бәйгеге тігетін.

Шырмауына шырмай алмас мүлде ой сұм,
Өзегімді өксіте алмас тырнай сыз.
Қарашыққа Көңілсіздік ұялап,
Сен барыңда - мұңаю да ыңғайсыз.

Тұғырымыз тайкымасын қаңбақтай,
Бұ ғұмырдан өтсек екен сан соқпай.
Мәңгі биік, мәңгі таза МӨҢГІМ-АУ,
Бізге бақты бұйыртсыншы бармақтай.

Қаумалаған қарғып өттік құрсаудан,
Кезіміз жоқ қиындықтан бұлтарған.
Талықсызақ тірілтетін тулап кеп,
Бізге, Алла, сезім бердің,
Мың тәуба!!!

ӘЛІШЕР КӘРІМОВ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА БЕЙНЕБАЯН АРНАЙДЫ



Отандық эстрада жұлдызы Әлішер Кәрімов Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап бейнебаян түсірмекші. Бұл туралы әнші өзінің Instagram-дағы парақшасында жазады.

«Жақын күндері менің сүйікті Қазақстаным туралы видео жарыққа шығады. Мен оны Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен қазақ хандығының 550 жылдығына арнаймын. Мен бақытты адаммын. Өйткені, мен

әлемнің ең керемет елінде дүниеге келдім. Бірлігімізге көз тимесін», – деп жазады Әлішер. Айта кетейік, Әлішер Кәрімов SuperStar.kz жобасы арқылы көпшілікке кеңінен танылған болатын.

ӘНШІ АЛТЫНБЕК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ АУЫСПАҚШЫ

Әнші Алтынбек Тәшімбетов мемлекеттік қызметке орналаспақ. Ол енді «Гүлдер» ансамбілінің әншісі атанады. «Қазір құжаттар мәселесімен жүрмін. Алдағы күндері жаңа қызметке тұрамын. Әрине, аздап, қобалжу бар. Мені бұл қызметке белгілі әнші, танымал композитор Арман Дүйсенов шақырды. Үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс болған соң маған артылған сенімді ақтауға тырысамын», - дейді Алтынбек.

Еске сала кетейік, осыдан бірнеше ай бұрын әнші жігіт жаңа бейнеклипінің тұсауын кескен болатын. Қазір өнер иесінің қоржынында бірнеше ән жиналып үлгерген. Енді толығымен шығармашылыққа ден қойған Алтынбек жеке есеп беру кешін өткізуді жоспарлап жүргенін айтты.



ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮЙКЕСІ СЫР БЕРГЕНДЕРДІ ӘНМЕН ЕМДЕЙ БАСТАДЫ

Қазақстанда дәстүрлі емес және дәстүрлі медицина мамандары музыка көмегімен түрлі ауруларды емдей бастады. Айтуларыңша, ұлттық аспаптарда орындалатын туындылардың пайдасы зор.

«Көптеген логопедтер музыкамен емдеп жүр. Күн сайын екі сағаттан Моцартты тыңдасаң, ақаудан арылуға жеткілікті екені анықталды. Осылайша балалық шағында актер Жерар Депардьё кекештіктен арылған. Алдында өзін шеше алмай жүрген міндет бар дейік. Жай ғана Моцартты тыңдаңыз. Көп ұзамай күрмеуі қиын мәселенің шешімін табады. Бұл композитордың әуені мидың қабығына әсер етіп, адамның парасатын көтеріп, тылсым күш береді. Бұл ғылыми дәлелденген факті», – деді елордалық психолог Аяш Құрбаева.

Ал, Қайрат Нұртастың әндерін пайдаланып, жүйкесі сыр бергендерді емдейді. Оның айтуынша, төмен дауыспен ән айтатын ер адамдардың композициясы науқастарға жақсы көмектеседі екен.





«СЫБАҒАДАҒЫ» СЕРПІНДІ ЖОБА

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша ауыл шаруашылығына жүктелген міндеттер мен атқарылған жұмыстар жайында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жақанов брифинг өткізді.



Бүгінде облыс бойынша жыл басынан бері айналымға 33,4 мың га болатын 239 жер учаскесі енгізіліп, өткен жылмен салыстырғанда 2,4 есеге артқан. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді Ұлттық экономика министрлігімен жеке меншікке 50 пайызға жеңілдетілген бағамен және 10 жылға бөліп төлеу арқылы беру механизмі қаралуда. Баяндама барысында басқарма басшысы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында 35, 36, 60, 61 қадамдар бойынша облыс көлемінде сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту, өт өндірісі мен өңдеуді дамыту, «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары бойынша атқарылып жатқан және жоспарланған жұмыстармен таныстырды.

«Мал шаруашылығын дамытуға тұрақты түрде қаржылай қолдау көрсетілуінің нәтижесінде төрт түлік малдың басы біршама өсіп, өнім өндіру тұрақтанып келеді. Бұл өз кезегінде сүт, ет өнімдерін экспортқа шығаруға септігін тигізеді», - деді басқарма

басшысы.

Дүниежүзілік сауда ұйымына енген елімізде енді еттің экспорттық әлеуетін арттыру бағытында облыста ауқымды шаралар ұйымдастырылып жатыр. Бүгінгі күні Сырдария, Жалағаш аудандарында әрқайсысы 3 мың бас МІҚ-ға арналған 2 мал бордақылау алаңының құрылысы салынып жатыр. Сондай-ақ, биыл қуаттылығы 5280 тоннаны құрайтын ет өңдеу орталығы іске қосылатын болады. Осы орталыққа етті қабылдау үшін жергілікті фермерлермен, оның ішінде «Сыбаға» бағдарламасы аясында мал өсіріп отырған шаруалармен келісімдер жасалған. Орталықта дайындалған етті экспорттау үшін «ҚазАгроӨнім» АҚ алдын ала жүргізілген келіссөздер бойынша Иран және Пәкістан елдерінің сұраныстарына орай экспорттау мәселелері пысықталуда. Сонымен қатар, 50 мың бас қой бордақылау, 7 мың тонна қозы етін өндіретін комбинат жобасын іске асыру жоспарлануда. Бүгінгі таңда дикандар күрші күтімін қолға алып, одан мол өнім алу жолында тынымсыз тер төгуде.

ҰЙЫМДАР ҰЛТ ЖОПАРЫН ҚОЛДАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші институционалдық реформасын түсіндіру бойынша Қызылорда облысының үкіметтік емес ұйымдары және этномәдени орталықтарының өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге Департамент басшысының орынбасары - Тәртіптік кеңес төрағасы М.Оразәлі, Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Б.Байхожаев, Қызылорда облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Туған жер» қоғамдық қозғалысы ассоциациясының және басқада мемлекеттік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

Өз кезегінде Департамент басшысының орынбасары – Тәртіптік кеңес төрағасы



М.Оразәлі қатысушыларды «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші институционалдық реформасының негізгі қағидаларымен таныстырып, мемлекеттік қызметке түсудің жаңа тәртібі, атқарған қызметіне сәйкес еңбекақы тағайындау, мемлекеттік қызмет саласын реттейтін жаңа заң жобалары туралы мәселелер талқыланды.

Бірінші институционалдық

реформа бойынша өз пікірлерін Қызылорда облысының үкіметтік емес ұйымдары және этномәдени орталықтарының өкілдері айтып, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара бірлескен іс-қимылдары Мемлекет басшысының реформаларын белсенді және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігі жөнінде атап өтті.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨП



Қазалы ауданында ауылдық жерлердегі шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекеттің «Жұмыспен қамту 2020», «Сыбаға» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда, аталмыш бағдарламалар аясында әрбір ауылдық округтен кемінде 2-3 жобадан барлығы 55 жоба ұсынылып, кезектілікте тұр.

Сонымен қатар, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы «Эко-Даму» бағдарламасы бойынша шағын несиелер қызметтің баламалы түрлерін дамытуға және ауыл, орман, балық пен аң шаруашылықтарының тұрақты экологиялық қауіпсіз әдістерін енгізуге берілетін несиесі бойынша Бекарыстан би, Басықара, Лахалы, Қожабақы, Бозкөл ауылдарының тұрғындары қаржылық ресурстарға қол жеткізді.

Бибігүл Нұржанова мемлекеттік бағдарлама аясында өз кәсібін дөңгелетіп отыр. Ол 2000 үйрек, 300 қаз, 200 индюк балапандарын әкелсе, Лахалы ауылына Жасұлан Асқаров 1000 қаз, 2000 үйрек балапандарын әкеліп шағын құс фермаларында өсіруде. Ал, Дастан Музатов Әйтеке би кентінен 400 шаршы метр жер учаскесіне тамшылатып суғару әдісімен жылыжай алуға 9,5 пайызбен «Жылыжай» бағдарламасы бойынша 5,0 млн.тенге несиесі қаражатын алып, Шымкент қаласынан «Зеромакс» ЖШС-гі жылыжай құрылысын орнатып берді.

Аталған жылыжайды газ қондырғыларымен жылытылатын болады. Қазіргі таңда, «Зеромакс» ЖШС-мен жасалған келісім шартқа сәйкес фирмадан арнайы агроном маманы келіп, көшет егу әдістерін үйретпек.

«БӘРІМІЗ БІР ЕЛДІҢ БАЛАСЫМЫЗ»

Қызылорда облысы ТЖД мәжіліс залында «Бәріміз бір елдің баласымыз» атты кездесуі өтті. Кездесуді Қызылорда облысы ТЖД бастығының міндетін атқарушы подполковник Молдақараев Сайд Шазындаұлы ашты. Бұл туралы Қызылорда облысы ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат тобы хабарлады.



Одан соң «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ-нің Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы Ғ.Ермағамбетова «Мемлекеттік тілдің барысы, Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы баяндама оқыды.

Өз кезегінде тілі басқа болса да, жүрегі бір, діні басқа болса да тілегі бір, ұжымда еңбек етіп келе жатқан өзге ұлт өкілдеріне берілді. Атап айтқанда, «Оңтүстік өңірлік аэромобильдік жедел құтқару жасағы» ММ-нің қызметкері молдаван ұлтының аруы Татьяна Луца, «Оңтүстік өңірлік аэромобильдік жедел құтқару жасағы» ММ-нің құтқарушысы грек ұлтының өкілі Андрей Федосяди, Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік құпияларды қорғау тобының бас маманы, орыс ұлтының өкілі Татьяна Жигманова, Қызылорда облысы ТЖД «ӨСЖАҚЖҚ» мемлекеттік мекемесінің Өрт сөндіру техникасы және жабдықтары бөлімшесінде инженері, орыс ұлтының өкілі Владимир Ситников, №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде аға өрт сөндіруші, кәріс ұлтының өкілі Виталий Хон өздерінің жүрекжарды тілектерін, мемлекеттік қазақ тілін құрметтеп, мәртебесін көтеруде қосып жүргендігі туралы айтты. Іс-шара соңында қазақ тілінде өлең оқылып, ән шырқалды.

АЖ - ақпарат


БАЛАБАҚШАҒА ТІРКЕЙСІЗ БЕ?

«Халыққа қызмет көрсету орталығы» халықтың көп келетін орны. Бұл жерге жасы үлкен әже де жасы кіші бала да келеді. Бірі анықтама алуға келсе, бірі мемлекеттік қызмет түрін алуға, енді бірі жай ғана кеңес сұрауға келеді. Халыққа қызмет көрсету орталығының бір күні бір күніне ұқсамайды. Күн сайын өзгеріс, сәт сайын жаңалық. Халыққа қызмет көрсету орталығының тұтынушыларына бүгінгі таңда балалар да еніп отыр. Себебі мемлекеттік қызмет қатары Электронды Үкімет порталы арқылы жылдам көрсетіледі. Бүгін №3 бөлімге тағы да жас тұтынушы мемлекеттік қызмет алуға келді. Бозгулова Рания балабақшаға тіркелуге өтініш бере келіпті. Ранияның анасы Укитаева Бекзада: «Қазіргі балалар заманына сәйкес техникаға жақын ғой, үйде отырып компьютермен ойнайды, сондықтан бүгін өзін әдейілеп әкеліп, балабақшаны өзі таңдасын дедім, таңдауы қай балабақшаға түссе соған тізілеміз», - деп жағдайын түсіндірді. Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері Бекзаданы қуана қолдап, дереу қызмет көрсетуге кірісті. Кішкентай тұтынушы Ранияның балапан саусақтарының таңдауы «Сәулет» балабақшасына түсті.

Осылайша, Бозгулова Рания болашақ өмірге деген алғашқы таңдауын өзі жасады. Келешегің жарқын да сәулетті болсын, кішкентай тұтынушы Рания!


АЖ-ақпарат





Нəзір Төрекұловты 1937 жылдың 17 шілдесінде НКВД жөндөттері тұтқындады. Осы жылдың қараша айында ССРО Жоғарғы сотының әскери алқасы түрікшілдікті насихаттады және «халық жауы» деп айыптап, ең жоғарғы үкім – ату жазасына кесті.


Ол 1958 жылы 28 қаңтарда ССРО Жоғарғы сотының шешімімен ақталды.



1937 жылдың тамызынан 1938 жылдың 25 ақпанына дейін НКВД түрмесінде отырған Санжар Асфендияровтың соңғы сөзін білу мүмкін емес. Осындай пікірді әйгілі қайраткер өмірін зерттеуші ғалымдар бекітіп отыр.

Әйгілі қайраткердің жұбайы Рабиға да ҚарЛАГ-та 5 жыл айдауда болды. Өзі 1958 жылы 26 мамырда ақталды.

АЛАШ АРЫСТАРЫ: СОҢҒЫ СӨЗ, СОҢҒЫ СУРЕТ...




Халел Досмұхамедов 1938 жылы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, әуелі Мәскеу, кейін Алматы түрмесінде отырды. 1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. Оның ісі тек 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ ССР Жоғарғы сотының

қылмыстық істер коллегиясында қайта қаралып ақталды.

Халел Досмұхамедов 1938 жылы екінші рет қамалғанда шиеттей балашағасына: «Енді мені күтпеңдер. Елге көшіңдер», – деп тіл қатып, соңғы сөзін айтып үлгерді...



Темірбек Жүргенов ССРО Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылатын 1937 жылдың 3 тамызында «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталған. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10, 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. ССРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының 1957 жылы 18 сәуірдегі шешімімен кінәсіз жазаланғаны анықталып толық ақталған.



Ахмет Байтұрсынұлы 1929 жылы НКВД жөндөттерінің құрығына ілігіп, 10 жыл мерзімге концлагерьге кесілді. Алайда ол жаза солтүстік өлкеге (Архангельск облысы) жер аударылуға өзгертілді. Айдаудан 1934 жылы аман оралғаннан кейін 3 жылдан соң, 1937 жылдың 8 қазанында қайта ұсталып, «халық

жауы» деген жалған айып тағылды. Екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. 1988 жылы советтік соттың шешімімен айыпсыз деп танылып, ақталды.

Ұлттың рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет хақындағы өсиетін соңғы сөз ретінде де бағалаймыз: «Әдебиетті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады, ұлтының қажетін өтейді сөйтіп...» Оның бұл сөзі Әлиханнның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзімен үндесіп жатқанын аңғару қиын емес.



Жаһанша Досмұхамедов Мәскеуге қызметке ауысқан 1930 жылдың қазан айында тұтқындалып, 1932 жылы Воронежге 5 жыл мерзімге жер аударылады. 1938 жылы қайта тұтқындалып, үштіктің шешімімен ату жазасына кесіледі. Үкім 1938 жылдың 3 тамызында орындалған. Тек сталинизм зардаптары жойылғаннан кейін 1958 жылдың 28 ақпанында ақталды.

Өкінішке қарай, «Айтуда Жаһанша шебер» деп суреттелетін бұл арыстың соңғы өсиеті сақталмапты.

СЫР ДЗЮДОШЫЛАРЫ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ




Чехияның Прага қаласында дзюдодан жастар арасында өткен Еуропа кубогында Қазақстан спортшылары 6 медаль олжаласа, соның 4-еуін сыр саңдақтары жеңіп алды. Атап айтатын болсақ, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінің түлектері, 55 келі салмақ дәрежесінде Мағжан Шамшадин мен 60 келіде өнер көрсеткен Жақсыбек Жәнісбек алтын медальді иеленсе, 55 келіде Дидар Таттібай облысымызға күміс жүлдені сыйлады. Сонымен қатар, Бауыржан Жауынтаев 60 келіде қола жүлдеге қол жеткізді.

Кубок нәтижесінде бірінші орынға – Бразилия, екінші орынға – Украина командасы жайғасса, Қазақстан құрамасы үшінші орынға табан тіреді.

ЭЛИЗАБЕТ АҚШ-ТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

АҚШ-та мәнерлеп сырғанаудан «SKATE DETROIT» халықаралық клубтық турнир аяқталды. Канада және Америка клубтарында жаттығып жүрген мықты сырғанаушылар қатысқан сайыс жоғары деңгейде өтті. Қыздар арасындағы «Синьоры» категориясында сырғанаудан жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева бірінші орынға ие болды. Бұл оның жаңа маусымдағы және жаңа бағдарламадағы алғашқы «ересек» турнирі болатын. Қызылордалықтар жас та болса облыс абыройын асқақтатып жүрген жас спортшыға алғысын айта отырып, жаңа маусымда мінсіз өнер көрсетеді деп үміт артып отыр.



38 СЕКУНДАТА НОКАУТҚА ЖІБЕРДІ



Отандасымыз Бекман Сойлыбаев кәсіби бокста осымен бесінші рет жеңіске жетті. Ол қарсыласын 38 секундта нокаутқа түсірді. Бекман Сойлыбаевтың кәсіпқой бокстағы кезекті жекпе-жегі Калифорнияның Чино қаласында өтті. Ол мексикалық қарсыласы Серхио Нахерді гонг белгісінен кейін ауыр соккының астына алып, есенгіретіп тастады. Нәтижесінде оның жойқын жұдырығына шыдас бермеген Нахер 38 секундта нокаутқа түсті. Сондай-ақ, отандасымыз мерзімінен бұрын аяқталған үшінші жеңіске қол жеткізіп отыр.

Сонымен қатар, Сойлыбаев «boxrec.com» порталының әлемдік рейтингінде 207 саты жоғарылады. Бұл жағдай мексикалық қарсыласын мерзімінен бұрын жеңуінен кейін болды. Рейтингте осыншама қадам алға жылжығанымен, әзірше өз дивизионындағы үздік жүздіктің ішіне енбеді. Боксшы қазір 262-ші орынға табан тіреген.

ОЛЖАС АБРАЕВ УЕФА КОМИТЕТІНЕ ҚАЙТА САЙЛАНДЫ



30 жастағы қазақстандық маман Олжас Абраев футбол, жағажай футболы бойынша УЕФА комитетіне қайта сайланды. Олжас Абраев 2011 жылдан бастап футбол және жағажай футболы бойынша УЕФА комитетінің мүшесі. Ол УЕФА атқарушы комитетіне төрт жылдық мерзімге қайта сайланып отыр.

Болгария құрамасының бұрынғы қақпашысы Борислав Михайлов УЕФА комитетінің төрағасы болып қала береді.



ТАЕКВОНДО СПОРТТЫҢА ҚОЛДАУ

Шымкентте таеквондодан «Мұстафа – Шымкент» спорт клубы ашылды. «Қазақстан Таеквондо (WTF) Федерациясы» ҚБ, АО KaspiBank-тың қолдауымен ашылған орталықта жастар шығыс жекпе-жегін үйренетін болады. «Мұстафа – Шымкент» секілді спорт клубтары елімізді өзге де ірі қалаларында ашылады. Бұл жолы неліктен Шымкентті таңдап алдық? Өйткені Шымкент – халқының саны көптігі жағынан еліміздегі екінші қала. Ал жер көлемі жөнінен ешбір қала шендесе алмайды. Мәдени-тарихи орталық саналатын бұл қаладан таеквондо спортын өркендетушілер көптеп шыққан, қазір де ынта жоғары», – дейді клубтың директоры Юрий Ким.

АСТАНА КЕЛЕСІ АЙНАЛЫМДА



Чемпиондар лигасының үшінші квалификациялық кезеңі аясында «Астана Аренада» «Астана» футбол клубымен финляндиялық «ХИК» арасында ойын өтті, деп хабарлайды Today.kz. Бір ғана ұпай айырмашылығымен астаналық команданың мерейі үстем болды. Ойын 4:3 есебімен аяқталды. Бұл жеңіс «Астана» футбол клубына Чемпиондар лигасының келесі кезеңіне өтуге мүмкіндік берді.

Айта кету керек, ойынды тамашалауға WBA/IBO орта салмақтағы әлем чемпионы қазақстандық боксшы Геннадий Головкин келген. Еске сала кетейік, Хельсинкиде өткен командалар арасындағы алғашқы ойын 0:0 есебімен аяқталған болатын.

«АРСЕНАЛ» -

АНГЛИЯ СУПЕРКУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Футболдан Англия Суперкубогы үшін өткен кездесуде лондондық қос команда жолыққан болатын. «Уэмбли» стадионына жиналған жанкүйерлер «Арсенал» мен «Челси» арасындағы теке тірестің куәгері болды. Жозе Моуриньюға қарсы ойындарда білгенінен жаңылатын Арсен Венгер командасы бұл жолы жеңіске бастар жолдан жаңылмады. Кездесудегі жалғыз әрі жеңіс голын Алекс Окслейд-Чемберлен соқты.



ЖЕҢІЛІСТЕН КӨЗ АШПАҒАН -

«БАРСЕЛОНА»



Флоренцияда өтіп жатқан Халықаралық чемпиондар кубогының аясында италиялық «Фиорентина» өз алаңында каталондық «Барселонаны» қабылдады. Кездесу алаң иелерінің пайдасына 2:1 есебімен аяқталды. «Фиорентина» сапында Федерико Бернарdesки 4-ші және 12-ші минутта гол соғып, дубль авторы атанды. Ал, «Барселона» 17-ші минутта Луис Суарестің соққан голымен жауап қайтарды. Осылайша, ойын тағдыры 17-ші минутта-ақ белгілі болған. Ойынның қалған бөлігінде есеп өзгермеді.

Естеріңізге сала кетейік, каталондықтардың бұл аталған турнирдегі қатарынан үшінші жеңілісі. Бұның алдында «Челси» және «Манчестер Юнайтедтен» жеңіліп қалған болатын.

РОНАЛДУ ӨЗ АГЕНТІНІҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА ГРЕК АРАЛЫН СЫЙЛАДЫ

«Реал» мен Португалия құрамасының шабуылшысы Криштиану Роналду өзінің агенті Хорхе Мендештің үйлену тойына Грекиядағы аралдардың бірін сыйлады», - деп хабарлады justmedia.ru.

Неке кю рәсіміне куәгер ретінде шақырылған Роналдудың бұл сыйлығы шамамен 50 миллион еуро тұрады. Мендеш пен Сандра Барбосоның тойы Португалияда тамыздың екісі күні өтті. Тойға 400 адам қонақ ретінде шақырылды.

КРИШТИАНУ РОНАЛДУДЫ ЕШКІМ ТАНЫМАДЫ

Жасанды сақал-мұрт жабыстырып, жасанды шаш тағып, қарапайым адамдарша киінген футбол жұлдызы Криштиану Роналдуды Мадрид көшелерінде адамдар мүлдем танымаған.

Осылайша «Реалдың» шабуылшысы өзінің нақты кім екенін білдірместен доппен итүрлі әрекеттер жасап, өнер көрсетеді. Алайда Испания астанасының тұрғындары оған аса көңіл бөле қоймайды. Тек гримін сүртіп тастаған соң ғана қол қойдырып алушылар кезеке жиналып қалған.

Бетті дайындаған: Рыскелді ЖАХМАН

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	Тапсырыс №847 Таралым 2000

■ e-mail: alash_zholy@mail.ru